

## **Баспананы ұстауға байланысты шығынға төлейтін ақының мөлшерін белгілеу туралы**

Алматы қаласы Әкімінің 1997 жылғы 25 тамыздағы N 442 шешімі. Алматы қалалық Әділет басқармасында 1999 жылғы 3 желтоқсанда N 82 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы Әкімдігінің 2001 жылғы 14 тамыздағы N 1/129 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы Әкімдігінің 14.08.2001 № 1/129 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы сәуірдің 16-дағы "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңын жүзеге асыру мақсатында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы сәуірдің 28-дегі "Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен оған қатысушылардың және соларға теңестірілгендердің жеңілдіктері және оларды әлеуметтік қорғау туралы" № 2247 Жарлығын, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы сәуірдің 2-дегі "Азаматтардың жекелеген топтарына жеңілдіктер беруді ретке келтіру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңын басшылыққа ала отырып Алматы қаласының Әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мемлекеттік тұрғын үй қорындағы үйлерде жайларды ұстауға төлем былай белгіленсін, сондай-ақ осыған қоса жеке пәтер иелерін (үйлердің) бұларға коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын қызмет көрсететіндіктен 1 шаршы метр пайдалы алаңға 6 теңге 94 тиын; лифттері бар тұрғын үйлердің тұрғындары үшінші қабаттан бастап 1 шаршы метр пайдалы алаңға 8 теңге 12 тиын мөлшерінде, оның құрамына инженерлік жүйелерге техникалық қызмет көрсету төлемін қосып, ұсынылған қызмет тізбесінен туындай отырып (№ 1 қосымша), сондай-ақ үйлердің ішіндегі газ жабдықтарына техникалық көмек көрсетудегі қосымша төлем әрбір газ қондырғысынан 15 теңге мөлшерінде және егер де қондырылған болса, су өлшеуіш және су өлшеуіш техникалық қызмет көрсету 1 шаршы метр пайдалы алаңға 0-60 теңге мөлшерінде белгіленсін.

**Ескерту. 1 тармақ өзгертілді - Алматы қаласы Әкімінің 30.03.1999 № 307 шешімімен.**

**Ескерту. 1 тармақ жаңа редакцияда - Алматы қаласы Әкімінің 21.01.2000 № 64 шешімімен.**

**Ескерту. 1 тармақ жаңа редакцияда - Алматы қаласы Әкімінің 04.01.2001 № 2 шешімімен.**

2. Пәтерлер иелерінің кооперативтеріне жеке тұрғын үй қорындағы баспаналарды ұстау бойынша шығындар үшін төленетін ақыны белгілегенде осы шешім арқылы белгіленген ставканы басшылыққа алу ұсынылсын.

Белгіленген ставкадан жоғары мөлшерде ақы алуға тұрғындардың, тұрғын үй иелерінің жалпы жиналысының шешімі бойынша, сондай-ақ баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі қалалық басқармамен келісім негізінде жол беріледі. Табиғи газды пайдалануды үйлерге "Алматықалагаз" ҚКК (С.Х. Имажанов), толтырылған газды пайдаланушы үйлерге "Облгаз" ЖШС (Е.Ф. Валтер) ішкі үйлердегі газ қондырғыларына техникалық қызмет көрсетсін.

**Ескерту. 2 тармақ толықтырылды - Алматы қаласы Әкімінің 30.03.1999 N 307 шешімімен.**

3. Қалалық қаржы басқармасы (Т. Әбдіқадыров) баспананы ұстау және тұрғын үй коммуналдық қызметтер шығындары бойынша ақы төлеуде жеңілдіктер алуға құқылы адамдарға ақшалай өтемақыларды кесте бойынша төлеу үшін толық көлемде, дер кезінде қаржыландырылуын қамтамасыз етсін.

4. Қалалық халықты әлеуметтік қорғау басқармасы (Н.І. Сүлейменов), Тұрғын үй жәрдемақылары орталығы (Р.М. Маймақов) осы шешімнің I тармағында көрсетілген есептік көрсеткіштерді басшылыққа ала отырып, қолданылып жүрген заңдарға сәйкес белгіленгеніндей баспананы ұстау және тұрғын үй-коммуналдық қызметтер шығындары бойынша ақы төлеуде жеңілдіктер алуға құқылы адамдарға ақшалай өтемақылар мен жәрдемақылар төленбейді.

**Ескерту. 4 тармақ өзгерді - Алматы қаласы Әкімінің 30.03.1999 N 307 шешімімен.**

5. Төлемдер 1997 ж. қыркүйектің 1-нен енгізілсін.

6.

Ескерту. 6 тармақ алынып тасталды - Алматы қаласы Әкімінің 30.03.1999 N 307 шешімімен.

*Алматы қаласының Әкімі В. Храпунов*

Алматы қаласы Әкімінің  
1999 жылғы 25 тамыздағы  
№ 442 шешіміне  
қосымша

**Тұрғын үйді ұстау шығыны бойынша жеңілдіктер берілген кездегі ескерілетін жұмыс тізбесі**

-----  
Рет !! 1 ш.м. пайдалы алаң  
саны! Аталуы ! " шығыны  
-----

1. Ағымдағы жөндеу жұмысы

а) үйдің бөлігін ұстау: ғимараттың арнайы 0-75 бөліктерін алмастыру, қабырғаның саңылауларын біріктіру, қабырғаның суық жерлерін жылыту, үйдің сыртқы қабырғасын ақтау, шатырдан су ағуды болдырмау жұмыстары (толық алмастырудан

басқасы), тұрғын үйден басқа бөлмелердегі сырлау-әктеу жұмыстары, бағандарды жөндеу, кірмелердегі ағаш баспалдақтарды алмастыру;  
б) тұрғын үйді күзгі-қысқы және жазғы мезгілдердегі жөндеу жұмыстары: кірмелердегі есіктерді жөндеу және сынған әйнектерді алмастыру, құбырларды орау, құдықтарды тазалау, жертөлелерді жылына екі рет қоқыстан, жапырақтардан тазалау және дәрілеу.

2. Ауланың маңын тазалау, қарларды тазалау және 1-80 жаяу жолдарды мұздан тазалау, гүлзарларды әдемілеу, жаяу жолдарды қысқы мезгілде тазалау және құм себу, сыпырушылардың "еңбегіне төлем, әлеуметтік сақтандыру, мүккәмалдарды алу, арнайы киімдермен жабдықтау, қоқыстан тұратын алаңды тазалау, жасыл желектерді және үй аулаларын суғару

**Ескерту. 2 тармақ өзгертілді - Алматы қаласы Әкімінің 30.03.1999 N 307 шешімімен**

3. Кезекші жарықтандыру (кірмелерді жарықтандыру) 0-45  
Лифттердің жұмыс істеуі үшін электр энергиясы  
(1 және 2 қабаттардан басқасы) 1-18

**Ескерту. 3 тармақ толықтырылды - Алматы қаласы Әкімінің 04.01.2001 N 2 шешімімен.**

4. ӘБҚ ұстау (еңбек ақы, әлеуметтік сақтандыру, 0-60 әкімшілік-шаруашылық шығындар)

5. Жылу және элеватор тетіктерінің жүйелеріне 1-72 техникалық қызмет көрсету

а) жылу жүйесіне қызмет көрсету:

- жылу жүйесін тексеру;

- жылу жүйесін қосу және ажырату (күз, көктем, бұзылуы, қалыптылығы);

- жылу жүйесін қаңтару (көктем). Жылу жүйелерінің жағдайын қаңтару кезінде 10 күннің ішінде 1 рет тексеру;

- қосу және жұмыс қалпын өзгерту кезінде жылу жүйелерін тексеру;

- жылу жүйелеріндегі кейбір босалқыларды жою:

(оралған жылу қалдықтарын негіздеу, су ағындарын

тоқтату, оның ішінде алмастырусыз қалпына келтіру, құбырларды орау, құбырдың ішіндегі су жүретін шүмектерді тазалау, магистральдық құбырлардың тот басқан бөлшектерін алмастыру);

- жылу мезгілі алдындағы жүйелердегі суды алмастыру;

- жылу жүйелерін қысыммен тексеру;

- электр аппаратураларымен тексеру, өлшеу көрсеткіштерінің жұмысын қосу және тексеру;

б) элеваторлық тетіктерге қызмет көрсету (ИТТ):

- айына 2 рет ИТТ-ні тексеру, жылудың "қысымын, көрсеткіш бірлігін тексеру;

- жылу мезгілінің басында, соңында және жұмыс барысында ыстық су құбырының жұмысын қосу арқылы тексеру;

- реттейтін және жұмыс тетіктерін алмастыру;

- құбырлардың шүмектерін қақтан және тұз қақтарынан тазалау;

- құбырдың "барлық тетіктерін (шайбаларын, бұрандаларды, құлпыларын) қажет болған жағдайда су аққан тетіктерін алмастыру;

- су ағуды болдырмау;

- бос қазықтарды нығыздау;

- электр аппаратураларды және өлшеу көрсеткіштерінің жұмысын бақылау, іске қосу.

Ыстық және суық су құбырларына электр жабдықтауға техникалық қызмет көрсету:

а) сантехникалық:

- құбырлардың жүйелерін тазалау;

- жертөлелердегі құбырларды тазалау, 1 құдықтың жұмысын қосуды ескеріп;

- 1 қабаттағы құбырларды тазалау;

- құбыр ағатын тоғысқан құдықтарды тазалау;

- тығыздайтын материалдарды, барлық құбыр тетіктерін олардың материалдарын қоса алмастыру;

- пәтер иесінің материалынан (барлық құбыр тетіктерін) (пісіру жұмыстарын қоса апат 1-62

жағдайындағы сантех жабдықтарды) алмастыру;

- бөлмедегі су ағызатын тетікті алмастыру;

- құбырларды біріктірген жерлердегі су ағуын болдырмау;
  - вентильдерді және санниктерді нығыздау;
  - құбыр саңылауларын пісіру;
  - суық және ыстық су құбырларын алмастыру, біріктірген жерлерін қоса;
  - суық және ыстық су құбырларының кейбір бөліктеріндегі 1 метрден аспайтын жерлерін алмастыру.
- Жертөлелердегі немесе пәтерлердегі 2 метрден асқан темір құбырларды алмастыру (материалдың құнын ескермей) құрама бөліктерін алмастыруды қоса;
- жертөлелердегі, қабаттардағы құбырлардан су ағуын болдырмау;
  - жертөлелерді толған сулардан тазарту;
  - жертөлелерге профилактикалық жұмыстар жүргізу.

в) электротехникалық жұмыстар:

- уақытша электр жабдықтау жұмысын орындау;
- электр қуатын беретін істен шыққан тетіктерді алмастыру;
- қабаттардағы электр қалқандарындағы істен шыққан тетіктерді қалпына келтіру;
- кезекші жарық беру қуатын ретке келтіру;
- кезекші жарық беру қуатының тетіктерін алмастыру.

Суды тұтынуға арналған жалпыүйлік есептеу приборларының техникалық қызметі 0-60 газ жүйелерін техникалық қамтамасыз ету

**Ескерту. 5 тармақ өзгертілді - Алматы қаласы Әкімінің 30.03.1999 N 307 шешімімен**

**Ескерту. 5 тармақ толықтырылды - Алматы қаласы Әкімінің 21.01.2000 N 64 шешімімен.**

Жалпы үйлердегі суды пайдалану құралдарына техникалық қызмет көрсету 0-60

**Ескерту. 5 тармақ толықтырылды - Алматы қаласы Әкімінің 04.01.2001 N 2 шешімімен.**

-----  
**ЖИЫНТЫҒЫ: 6-94**  
 -----

*Алқа хатшысы К. Тәжиева*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК